

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН
ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ЦОР**

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар,—Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

Методические рекомендации по использованию ЦОР. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 32 с.

Осы әдістемелік ұсынымда оқу пәндері бойынша СБР қолданудағы әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, ЭОЖ жобасы аясында жасалған СБР мазмұны мен құрылымын талдау, оқыту үдерісінде СБР-ды қолдану бойынша ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсыным мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған.

В настоящих рекомендациях даны характеристика методических особенностей использования ЦОР по учебным предметам, анализ содержания и структура ЦОРов, разработанных в рамках проекта СЭО, рекомендации по использованию ЦОРов в процессе обучения.

Методические рекомендации адресованы учителям школ и преподавателям колледжей.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

	Кіріспе.....	4
1	Жалпы білім беретін мектептегі оқу пәндері бойынша сандық ресурстарды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері.....	5
2	Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқыту үдерісінде СБР-ды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар....	16
3	Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндерді оқыту үдерісінде СБР-ды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар....	24
	Қорытынды.....	27
	Глоссарий.....	28
	Қолданылған дереккөздер тізімі.....	29
	Қосымша.....	30

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде мемлекеттің ұлттық құндылығы мен бәсекелесу қабілеті туралы объективті ақпарат адам капиталының интеллектуалдық өлшемі арқылы анықталады. Бәсекелестіктің жоғарғы қабілетіне жету үшін заманауи, әрі тиімді білім беру жүйесін қолдау керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында ғылым және білім беру жүйесін жетілдірумен байланысты сауалдар маңызды орын алады - бұл Қазақстандағы адам капиталының сапалы өсуі. Н.Ә. Назарбаев білім беру жүйесін жаңғырту кезінде оқыту үдерісіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, негізгі педагогикалық білім беру стандарттарын күшейту, мектеп пен ЖОО оқытушылар біліктілігін арттыруының талаптарын күшейту сияқты шараларды жүзеге асыру керек екендігін белгіледі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесі алдында білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін (бұдан әрі – ЭОЖ) қолдану арқылы үздік білім беру ресурстары мен технологиялармен бірдей қамту тапсырмасы қойылып тұр. Қойылған тапсырманы шешу арқылы оқыту сапасы, білім беруді басқару тиімділігі, сыртқы ортамен ақпараттық интеграция артады.

Сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР) білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады.

Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың СБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осы әдістемелік ұсынымда оқу пәндері бойынша СБР қолданудағы әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, ЭОЖ жобасы аясында жасалған СБР мазмұны мен құрылымын талдау, оқыту үдерісінде СБР-ды қолдану бойынша ұсынымдар берілген. Әдістемелік ұсыным мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған.

1 Жалпы білім беретін мектептегі оқу пәндері бойынша сандық ресурстарды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері

Сандық білім беру ресурстары пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды.

СБР құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде.

Сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары мынадай мүмкіндіктерді береді: проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру; зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу, белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру; тірек сөздерді, терминдерді дәптерге жазғызу, мұғалімнің сұрақтарына жауап беру, бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру; оқушылармен әңгімелесу т.б.

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді. Тапсырмалардың түрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, оқушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатыса алмау мүмкіндігін жақсартады. Тәжірибелер оқушының түртпе арқылы басқарып отыратын виртуалды нысандармен түрлі операциялар жасауы арқылы іске асырылады. Бірізділікпен өтілетін нысандардың өзгерулері (геометриялық фигуралардың, зат формаларының, заттардың түстері т.б. өзгеруі) оқушыларға танымдық үдерісте белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушыларға шынайы өмірде мұндай тәжірибелерді жасау мүмкіндігі болмайтын жағдайларда жаратылыстану ғылыми тәжірибелерімен таныстыруға мүмкіндік береді.

СБР-ға жаттығулар орындау, картамен жұмыс жасау, сәйкестіктерді белгілеу, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмалар енгізілген. Математика, алгебра, геометрия пәндері бойынша СБР-да көптеген жағдайларда оқушыларға әрбір кездейсоқ таңдау бойынша ұсынылатын тапсырмалар базасының маңызы зор. Сол себепті, жауапты есте қалдырудың тек механикалық жаттанды түрінен оқушының саналы есте сақтауына қарай жүру логикасы қалыптасады.

Білімді бақылау автоматтандырылған тестілеу есебінен жүргізіледі, ол оқушылардың білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны оқушылардың жас ерекшелігіне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отырады.

Үйренушілер үшін маңызды компонент болып келетін СБР контентіне қолжетімділікті жүзеге асыратын СБР интерфейсі.

СБР-дың жүйелі дамуының құрамына контент құрылуы мен жаңартуының бағдарламалық құралдары кіреді. Пайдаланушыларға стандартталған электрондық оқу-әдістемелік кешендерді өңдеуге арналған арнайы инструментарийлерді береді (ЭОӘК). Тәріздес құралдардың мысалы ретінде түрлі форматтағы электрондық оқу материалдарын орналастыруға мүмкін болатын контентті басқару жүйесі, электрондық оқыту жүйесі бола алады. Осындай жүйеге түйінді сөздерді іздеу мүмкіндігі бар білім беру контентін шоғырландыратын деректер база интерфейсі енеді. Контентті басқару жүйелері курстың құрылуына әр түрлі курстарда бірдей оқу материалдарының көріністерін қолданатын педагогтар қатысқан жағдайда тиімді болады. Бұдан басқа, осындай құралдарға интерактивтік тақта үшін өңделген контентке арналған бағдарламалық қабықшалар қатысты.

Ұлттық СБР жобасын жүзеге асыру аясында электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі құрылды (бұдан әрі – ЭОАЖ): білім беру ұйымдарының порталы, Ұлттық білім беру деректер базасы (бұдан әрі-ҰББДБ), ішкі корпоративтік портал, электрондық кітапхана, білім беру ұйымдарын басқару жүйесі және <https://e.edu.kz> сайтында қолжетімді болып келетін электрондық оқытудың басқа компоненттері.

Электрондық кітапхана жоба аясында өңделіп орналастырылған СБР бар ЭОЖ-ның маңызды компоненті болып келеді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ деректері бойынша электрондық оқыту жүйесінде Ақпараттандырудың ұлттық орталығы мен «Bilim Media Group» ЖШС мектептің 15, ал колледждердің 24 пәндері бойынша 14 551 сандық білім беру ресурстарын өңдеп орналастырды. Сонымен қатар, 2013 жылы құрылған жалпы білім беретін мектептің 8, ал колледждердің 5 пәні бойынша білім беру контенті технологиялық платформаны (*html5* форматта) қолдап, пайдаланушылардың әр түрлі құрылғылардан қолжетімділікті алуға мүмкіндік береді.

Материалдар түрлі сыныптар, пәндер және тақырыптар бойынша бөлінген, әр оқушы өзіне қызықты тақырыпты еш қиындықсыз таба алады. Материалдар екі тілде ұсынылған – мемлекеттік және орыс тілінде, мектептің 5 пәні бойынша 1212 сандық білім беру ресурстары ағылшын тілінде ұсынылып отыр.


Сөйтіп, қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерге арналған электрондық оқыту жүйесінде 2-11 - сыныптарға арналған «Қазақ тілі», 5-11 - сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы», 1-6 - сыныптарға арналған «Математика», «Алгебра», «Геометрия», 7-11 - сыныптарға арналған «Физика», 8-11 - сыныптарға арналған «Химия», «Дүние жүзі тарихы», «Ағылшын тілі», «География», «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Қазақ әдебиеті», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша 2011-2013 ж.ж. құрылған мемлекеттік білім беру контенті қолжетімді болып келеді.

Мұғалімдерге көмек ретінде Ақпараттандырудың ұлттық орталығы СБР қолдану бойынша оқу-әдістемелік құралдарды және пәндер бойынша (математика, алгебра, геометрия, физика, химия) СБР пайдаланушыларына арналған басшылықты өңдеді.

Әдістемелік ұсыным ҚР БҒМ сайтында (<https://e.edu.kz/98>) Нормативтік

құжаттар бөлімінде, сондай-ақ Ұлттық ақпараттандыру орталығының <http://nci.kz> сайтында орналастырылған және барлығы да ашық қолжетімді болып табылады. Оқу-әдістемелік құралдардың мақсаты – сабақтың әрбір түрі мен кезеңіндегі нақты дидактикалық міндеттерден туындайтын нақты сабақтарда СБР-ды пайдалану тәжірибесімен таныстыруға негізделген. Педагогтерге ұсынылатын сабақтың жоспарларын толық, не жартылай иемдене алады, ол үшін СБР материалдарын өзінің сабақ жоспарына енгізіп, сабақтың қай кезеңінде қолдануы керектігін алдын ала анықтап алады.

СБР-ды пайдалану үшін Электрондық оқыту жүйесіне кіру керек. Ол үшін браузерының мекен-жайлық жолына <https://e.edu.kz> мекен-жайын теру керек (1-сурет).




1-сурет – ЭОЖ бастапқы терезесі


Сандық білім беру ресурстары Е-Кітапханада орналастырылған. Е-Кітапхана беті авторландырылған және авторландырылмаған пайдаланушылар үшін де қолжетімді болып келеді.

Е-Кітапханаға кіру үшін Логин мен Құпия сөзді енгізу және «Кіру» батырмасына басу керек.

Басты бетте СБР таңдаулы, әрі маңызды ретінде жүйеленеді (2-сурет). Авторландыру арқылы Е-кітапханаға кірген кезде СБР сілтемесін жүктеуге болады (мысалы, үй тапсырмасына СБР беру), берілген СБР қатысуын қарау, рейтингті белгілеу – бағалау, түсініктеме қалдыру (3-сурет).




2-сурет – Е-кітапхана терезесі (авторландыру арқылы кіру)




3-сурет – СБР-н әрекет (авторландыру арқылы кіру)

Е-кітапханаға пайдаланушы авторландырусыз кірген кезде СБР тек маңызды ғана жүйеленеді (4-сурет), және СБР-ға кіруін қарау, СБР-ді бағалау, СБР-ге түсініктеме беру сияқты әрекеттер мүмкін емес (5-сурет).



4-сурет – Е-кітапхана терезесі (авторландырусыз кіру)



5-сурет – СБР-мен әрекет (авторландырусыз кіру)

Е-Кітапхананың Басты бетіндегі Іздестіру терезесінде Рубрикатор, Кеңейтілген іздестіру, Өшіру қосымша беттері бар (1, 3-сурет). Бөлек ресурстар басты беттен қолжетімді болып келеді. СБР іздестіруді кеңейтілген іздестіру режимінде материалдарды топтағышы арқылы жүзеге асыруға болады.

Рубрикатор арқылы материалды іздестіру үшін келесі әрекеттер орындалады:

- 1) Рубрикатор қосымша бетіне басып, СБР тізімі пайда болады;
- 2) Ізделінген СБР-ді таңдағаннан кейін Рубрикаторға басқан кезде, СБР-ді таңдауға болатын терезе пайда болады (6-сурет).

Кеңейтілген іздестіру режимінде СБР-ді іздестіру үшін келесі әрекеттер орындалады:

1) «Кеңейтілген іздеу» жазбасына басу керек, экранда кеңейтілген іздестірудің бөлімдері пайда болады (7-сурет);

2) Келесі қадамдар пайдаланушының таңдауы бойынша орындалады (іздеу үшін әрекеттердің бірі мүмкін: автор бойынша, қысқа ақпарат бойынша, түйінді сөздер бойынша, материал атауы бойынша, жеткізуші бойынша);

3) «Іздеу» батырмасына басу керек, экранда іздестіру шарттарына сәйкес келетін оқу материалдарының тізімі пайда болады.


6-сурет – «Рубрикатор» іздеу режимі

7-сурет – «Кеңейтілген іздеу» режимі


СБР-ді жүктеу кезінде кейбіреулері, жаңа *Java* қосымшасын (яғни жазылмаған қосымшалар) талап етеді. Немесе атауы және басып шығарушы туралы ақпарат үнсіздік бойынша блокқа қойылады. Ақпаратты блокқа қою жағдайында экранға «*Application Blocked by Security Settings*» хабарламасы шығады. Бұл жағдайда *Java* конфигурациясы баптауында сілтемелер адресін жазу жеткілікті.

Бұл әрекеттер үшін келесі қадамдарды орындау жеткілікті:


- 1) <https://e.edu.kz/ui/#/lcms/main> сілтемесін алмасу буферіне көшіру.
- 2) Басқару үстелінде *Java* (*Java Control Panel*) командасын жіберу (7-сурет).
- 3) *Java Control Panel* -де *Security* (Қауіпсіздік) қосымша бетін таңдау, *Security Level* белгісін төменгі деңгейге түсіріп, «*Edit Site List*» - сайттарды түзету батырмасына басу (8-сурет);
- 4) Пайда болған *Exception Site List* терезесінде алмасу буферінен <https://e.edu.kz/ui/#/lcms/main> қосу, кейін «Ок» батырмасына басу (9-сурет);
- 5) <https://e.edu.kz/ui/#/lcms/main> қосқаннан кейін Е-кітапхана тезірек жүктелінеді және *Java* жаңа ерекшеліктер мен жаңалықтарды тексере бермейді.



8-сурет – *Java* (*Java Control Panel*) жіберу



9-сурет – Java Control Panel жіберу



10-сурет – Сайтқа сілтемені қосу

Оқу үдерісінде СБР қолдану арқылы төмендегілер:

– электрондық оқытудың уәждемелік-мақсатты компонентін: мультимедиялық дыбысталған презентация; дыбысталған ойын презентациясы; анимациялық дыбысталған логикалық-құрылымдық сызба; интерактивті тапсырмалар; автоматтандырылған сауалнамалар; ойын тесттері;

– электрондық оқытудың мазмұнды компонентін: жаңа материалды мультимедиялық тұрғыдан түсіндіру; оқу бейнефильмі; дыбысталған ойын презентациясы; анимациялық дыбысталған логикалық-құрылымдық сызба; мұрағаттық құжаттар; фото топтамалар; анимациялық карталар; статикалық карталар; дыбыс жазу, дыбысталған мәтіндер; тапсырмалар мен талдау түрлерін шешудің анимациялық үлгілері;

– электрондық оқытудың операциялық-іс-әрекеттік компонентін: виртуалдық зертхана жұмыстары; интерактивті тапсырмалар; электрондық есептер жинағы; электрондық практикумдар; интерактивті модельдеу; электрондық сөздік; интерактивті ойындар; электрондық конструкторлар; компьютерлік өлшеуіштер; анимациялық интерактивті карталар;

– электрондық оқытудың бағалау-нәтижелі компонентін: сабақтардың тақырыптары бойынша тесттік бағдарламалар; тоқсан қорытындысы бойынша; жыл қорытындысы бойынша; мемлекеттік аралық бақылау дайындығы бойынша; ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық бойынша қамтамасыз етіледі.

Электрондық оқытудың уәждемелік-мақсатты компонентін қамтамасыз ететін СБР төмендегілерге бағытталған:

✓ көрнекі және көзге түсерлік түрдегі оқытудың мақсаттарын анық ұғуды қабылдауға;

✓ дыбыстық түсініктемелерді беру арқылы оқытудың мақсаттарын түсінуге;

✓ иерархиялық блок-сызбада пән бойынша негізгі ұғымдарды жалпылауға;

✓ оқыту мақсаттарын ұғынуды бекітуге;

✓ оқытудың мақсаттарын оның шығармашылық толықтырулары мен қайта ойлауы арқылы тәжірибелік тұрғыдан қолдануға.

Электрондық оқытудың мазмұнды компонентін қамтамасыз ететін СБР төмендегілерге бағытталған:

✓ оқу-танымдық ақпаратты қабылдау, оқушылардың танылатын пәндер, құбылыстар, үдерістердің сезілетін сыртқы қасиеттері мен сапаларын ұғыну; танылатын пәндердің, құбылыстар мен үдерістердің дұрыстығын дәлелдейтін жарқын әрі дәлелді мысалдар мен деректерді енгізу;

✓ оқу-танымдық ақпаратты ұғыну және келесі операциялар енетін бейнелі ұғымдарды қалыптастыру: оқылатын пәндер мен құбылыстардың қабылдаған қасиеті мен белгісін талдау;

✓ оқу материалын түсіну және үйренушінің ой әрекетін белсендіру: проблемалық элементтері бар құбылыстарды салыстыру және талдау (көрнекті және диалогтық проблемалық мазмұндау); оқылатын материалдың дұрыс жарқын бейнелерін құру;

✓ оқу ақпаратын жалпылау: оқылатын құбылыстардың маңызды және маңызы жоқ белгілерін айқындау; талқылау, болжам айту және териялық тұрғыдан жалпылау;

✓ жаңа мәтіндік дереккөздердегі оқылатын пәндерді, құбылыстар мен үдерістерді ауыстыру арқылы оқылатын материалды бекіту, функционалдық сауаттылықты дамыту , түрлі формадағы ұсынылған ақпаратты қабылдау және талдау.

Электронды оқытудың операциялық-әрекеттік компонентін қамтамасыз ететін СБР төмендегілерге бағытталған:

- ✓ оқушыларда тапсырмаларды өз бетінше орындау қабілетін мақсатты қалыптастыруға бағытталған міндетті, мәселенің мәнін, сұрақты, педагогикалық алғышарттарды нақты және анық құрастыру арқылы интерактивті тапсырмалардың шарттарын қабылдау;

- ✓ міндеттерді орындау әдістерінің, жаңғыртқыш, ауызша, жазбаша, пысықтау, графикалық, проблемалық-зерттеу жаттығуларды орындаудың; жобалау және шығармашылық тапсырмаларды өткізудің; оқушыларда тапсырмаларды өз бетінше орындау қабілетін мақсатты қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарды орындаудың анимациялық үлгілерінің негізінде тәжірибелік және лабораториялық жұмыстардың мәнін түсіну;

- ✓ жай ғана механикалық еске сақтауды емес, құрастырылатын жауапты талап ететін, ойлау әрекетіне бағытталған бақыланатын пысықтау әрекеттерге (ауызша / жазбаша жаттығуларға; жаңғыртқыш, пысықтау, жобалау, графикалық, проблемалық-зерттеу, эвристикалық, зерттеу, шығармашылық тапсырмаларға; тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарға және т.б.) мүмкіндік беретін тапсырмалар түрлерінің сан алуандығының арқасында барынша мүмкін әрекеттер түрлеріне енгізілудің негізінде оқыту ақпаратын түсіну;

- ✓ міндеттерді орындау әдістерін, жаттығулардың түрлерін, жобалау және шығармашылық тапсырмаларды өткізу тәртібін; тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарды орындау алгоритмін жалпылау; білімнің жалпылануы мен жүйеге келтірілуінің қалыптастырылуын қамтамасыз ететін алуан түрлі интерактивті тапсырмалардың бар болуы;

- ✓ қандай да үзілістен кейін игерілген оқыту ақпаратын жаңа жағдайда, «жаңа негізде», жаңа мысалдарда, зерттеліп жатқан құбылыстардың, заңдардың, заңдылықтардың, себеп-салдар тәуелділіктердің өз үлгілерінде қолдануға және білімді ұзақ мерзімді жадқа аударуға жәрдемдесетін оқу материалдарын бекіту, шамасы келетін және олар үшін маңызды оқу мәселелерін шешу;

- ✓ тәжірибе: оқушылар өз ниеттерін іске асыратын, өз атынан әрекет ететін шығармашылық жобаларда; эссе, шығармалар жазуда; тарихи оқиғаларды бағалауда игерілген білімдерін, қабілеттері мен дағдыларын шығармашылық тұрғыда қолдануға бағытталған интерактивті тапсырмалардың бар болуы.

Электронды оқытудың бағалау-нәтижелік компонентін қамтамасыз ететін СБР төмендегілерге бағытталған:

- ✓ оқушылардың оқудағы жетістіктерінің тәуелсіз бақылануы мен бағалануын қамтамасыз ететін педагогикалық нұсқамалармен және ұсынымдармен тестілеу бағдарламаларын, жалпылау тестілерін, диктанттарды қабылдау; нәтижені, дұрыс және бұрыс жауаптардың санын көрсету;

- ✓ тестілеу бағдарламаларының мәнін бақылаудың сан түрімен бірге түсіну: бақылау-түзеткіш, бақылау-алдын алу, бақылау-ынталандырушы және бақылау-жалпылау; бастапқы, аралық, қорытынды; көп деңгейлі;

- ✓ өз оқу жетістіктерінің деңгейін түсіну және кемістіктерді анықтау;
- ✓ тестілеу бағдарламаларының мазмұнын, олардың электрондық оқулықтың оқыту материалына сәйкес келуін және тестілеу материалының оқушылардың бағаланып жатқан әрекет деңгейіне сәйкес келуін жалпылау;
- ✓ тестілерді сұрақтарды кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы бағдарламалау негізінде білімді ұзақ мерзімді жадыға аударуға жәрдемдесетіндей оқу материалын бекіту;
- ✓ тәжірибе: ақиқаттың нақты міндеттерін орындау үшін абстрактылы теориялық білімді ұсынады;
- ✓ оқушы орындаған тапсырмалар туралы ақпарат деректер базасында (оқыту тарихы) сақталады. Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелерін көре алады.

Жалпыға арналған СБР-лар арасында Интернет-ресурстар ерекше орынға ие, олар жаңа ақпараттың маңызды көзіне айналуға және сабақтарды модельдеу үшін айрықша материалды ұсына алады. Мұғалімдер бұны өздерінің күнделікті педагогикалық тәжірибесінде есепке ала алады. Интернет-технологияларды игеру қазіргі заманда мұғалімнің негізгі құзыретінің біріне айналды. Интернет-ресурстар мұғалім мен оқушылардың өз бетінше білім алуларының көзі және ұйымдастырушысы болып табылады, өз және өзгенің тәжірибесінің кәсіби рефлексиясына жәрдемдеседі, қоғамның заманауи даму деңгейінде қажет болатын оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытады.

Оқу үдерісінде төмендегі Интернет-ресурстарды пайдалану тиімді болады:

1. арнайы тақырыптарды зерттеу мақсатында жоғары оқу орындары, компьютерлік фирмалар негізін қалаған білім беру ресурстары. Мысалы, биология, химия, физика, астрономия мұғалімдері сабақтарда заманауи ғылыми деңгейде ғарыш обсерваториялардың, жер серіктерінің деректері, физикалық, химиялық үдерістердің, динамикалық компьютерлер модельдерінің анимациясы және т.б. сияқты біріктірілген ғылыми мәліметтерді ұсынатын білім беру ресурстарын қолдана алады;

2. электронды кітапхана, әртүрлі энциклопедиялар, мәтіндер, сондай-ақ энтузиасттар құрастырған әртүрлі ресурстар. Мысалы, жұмыстың топтық түрі қолданылған кезде көлемі үлкен материал қамтылады, бағалау, талдау, басты мәселені анықтау, өз көзқарасын қорғау жүзеге асырылады;

3. өткізілген телекоммуникациялық жобалардың нәтижелері бойынша құрастырылған сандық білім беру ресурстары. Мысалы, педагогтер мен олардың оқушылары жасаған сайттар қолданады. Сондай Интернет-ресурстардың үлгісі болып Қашықтан Оқытатын Олимпиадалар, семинарлар, тренингтер сайттары табылады;

4. материалды ұсынған кезде гипермәтін арқылы өзара байланысты байқауға мүмкіндік беретін желілік ресурстар. Бұндай ресурстарға педагогтар ерекше көңілдерін бөлген жөн, оларды жобаларды өткізу, педагогтер мен оқушылардың ең қарапайым СБР-ларды құрастыру алаңы ретінде қарастыруға болады, сондай-ақ ресурста ұйымдастырылған сан түрлі энциклопедияларының дайын материалдарын қолдануға да болады.

Әлеуметтік қызметтердің алуан түрлілігі әр мұғалімге жоба қатысушыларының ерекшеліктерін есепке ала отырып оларды таңдауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Кәсіби Интернет-ресурстардың сипаты, мақсатын тұжырымдауы және сапасы, сондай-ақ онда берілген материалдардың құрамы да алуан түрлі. Сондықтан да педагогикалық ғылым, бір жағынан мұғалімнің қолында бар әдістемелерге жаңа мультимедиялық технологияларды бейімдеу әдістерін үнемі іздестіру үстінде, ал екінші жағынан компьютерлік технологияларды сабаққа енгізудің жаңа өзіндік әдістерін іздеу үстінде.

2 Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқыту үдерісінде сбр-ды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқыту мақсатында ЭОЖ жобасы аясында республикада *Whizz Education* (Ұлыбритания), «*Young Digital Planet*» (Польша), *SIVCO* (Румыния) және «*Bilim Media Group*» ЖШС (Қазақстан) компанияларының қатысуымен Ақпараттандырудың ұлттық орталығы (Қазақстан) өңдеген сандық білім беру контенті құрылған. Е-кітапханаға жаратылыстану-математика бағыттағы пәндер бойынша 7149 СБР өңделіп орналастырылған.

СБР мазмұны толығымен Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен оқу-тәрбиелік міндеттерге сәйкес келеді.

СБР деген пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдарды білдіреді. Оларға мультимедиялық түсіндірмелер элементтері, интерактивті тапсырмалар, тестік сұрақтар енеді.

СБР-дегі оқу материалының мазмұны мәтіндер, анимациялық мәтіндер, фотосуреттер, суреттер, иллюстрациялар, анимациялар, бейнероликтер арқылы берілуі мүмкін. Меңзерді жүгірту арқылы мәтін өзгерген кезде СБР-дегі мәтіндер статикалық және анимациялық болуы мүмкін. СБР-дің әр беті өз мазмұнға ие – мәтін, видео немесе анимациялар. Анимациялар мен бейнероликтер анимацияның немесе видеоның уақытын көруге, демонстрацияны тоқтатып және оны қайтадан қосуға мүмкіндік беретін стандартты басқару үстеліне ие.

Оқушылар бойында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша дағды мен іскерлікті, түрлі саладағы қалыпты емес жағдаяттарды, проблемаларды, міндеттерді шешу дайындықтарын қалыптастыруда интерактивті тапсырмалардың маңызы зор. Әдеттегідей, олар СБР-дің әр бетінде бар, терезенің оң жағында орналасқан немесе толық терезені қамтиды және бірнеше типте болуы мүмкін:

- сәйкестікті орнатуға арналған (берілген элементтердің желімен байланысы, берілген кестеге қандай да бір пайымдауларды үлестіру);
- түрлі типтегі физикалық тапсырмаларды шешуге арналған (дәптерде есептеу жүргізіледі, кейін жауап СБР тапсырмасына енгізіледі);
- тапсырмалар мен мысалдарды шешуге арналған (осындай тапсырманың әр қайсысы нақты математикалық іскерлікті жаттығуға арналған тренажер ретінде болады. СБР-дің экранда кездейсоқ таңдау әдісі арқылы пайда болатын кең ауқымды мысалдар базасына ие болуы маңызды ерекшелік болып табылады);
- ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс жауапты таңдауға арналған (бір дұрыс жауапты таңдау);
- сөйлемдерді толықтыруға арналған (тізімдегі ұсынылған сөздерден біреуін таңдау);

- физикалық формулаларды құрастыруға арналған (физикалық формулаларды құрастыру үшін белгілерді дұрыс қою);
- сөзжұмбақтар мен т.б. шешуге арналған (сөзжұмбақ торларын дұрыс толтыру);
- ынталандырушылар (3D-графиканы қолданып, шынайы заттармен виртуалды жұмыстың жаңғыртылуы, қандай да бір виртуалдық тәжірибенің орындалуы).

СБР-дің барлық тапсырмалары интерактивті болғандықтан, пайдаланушының кез келген әрекетіне жүйе сәйкес әрекетті орындайды немесе хабарламаларды шығарады. Біріншіден, тапсырмаларды орындаған кезде оқушының бұрыс әрекетін бағдарлама қабылдамайтын тәсіл қолданылады. Сөйтіп, оқушы өзі ойлау, қателесу арқылы бір дұрыс жауапты табуы керек. Тапсырмаларды батырмалар арқылы басқаша тексеруге болады: тексеру, тапсырманы қайтадан орындау, кері байланыс/ ұсыныс немесе тексеріс, тастау, қате талпыныстар саны. Кері реакцияның тағы бір формасы түстермен ерекшелену болып табылады: дұрыс жауаптар жасыл түспен ерекшеленеді, ал қатесі – қызыл түспен немесе дұрыс орындалған тапсырмаларға дұрыс орындалған тапсырма туралы ауызша немесе жазбаша түсіндірмелер беріледі («Жарайсың») және/немесе тапсырма шарты мен жауаптың қасында жасыл қанат белгісімен және т.б. белгіленеді.

СБР материалдарын оқығаннан кейін тестілеуге көшуге болады.

Әр тестте 10-15 сұрақ. Тестілеу жабық түрде өтеді: әр сұраққа бес түрлі жауап ұсынылады. Тышқан арқылы бір дұрыс жауапты таңдау керек. Терезенің төменгі жағында тест бойынша навигацияға арналған панель орналасқан. Бұл панельде «Әрі қарай», «Сұрақтар» батырмалары және жауаптардың есептегіші, оқушылар туралы деректер бар. Оқушы барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін тестілеудің аяқталуы деген терезе пайда болады. Тестілеу аяқталғаннан кейін нәтижелері бар кесте пайда болады.

Өзін-өзі тексеру үшін оқушы жауаптарын дұрыс жауаптармен салыстыруға мүмкіндік беріледі. «Жауаптарды салыстыру» батырмасын басу арқылы жауаптар нұсқасы бар тестік сұрақтарды тағы қарап шығуға болады: жасыл түспен дұрыс жауап белгіленген, ал оқушының таңдаған жауабы сары түспен белгіленген.

Жаратылыстану-математика бағыттағы пәндер бойынша СБР әдіснамалық тәсілдерінің жаңалығы оқушының максималды белсенділігінде. Дәстүрлі түсіндірме – иллюстрациялық оқытудың жеке-іс-әрекеттік, проблемалық оқытуға ауысу үдерісі жүзеге асуда. Бақылау, факттерді талдау барысында оқушылар ұғымдарды, заңдылықты, ережелерді таниды. Интерактивті тапсырмалармен жұмыс істеген кезде психологиялық жайлылықтың болуы өте маңызды: балаға тапсырманы міндетті түрде дұрыс орындау талабы қойылмайды. Сонымен қатар, оған дайын жауабы бар кілттері берілмейді, оқушыны дұрыс жауапқа итермелейтін икемді көмек беру жүйесі беріледі. Тек үш қате жауап бергеннен кейін ғана түсіндірмелермен бірге дұрыс жауап

беріледі. Математикалық іскерлік пен дағдыны игеру үшін СБР-де виртуалдық тренажерлер бар, сонымен бірге әр әрекетке 8-10 түрлі нұсқалар беріледі. Осындай жүйелі игеру сәтті және жемісті еңбектің өте сенімді құралы болып табылады, қалыптасып жатқан дағдыны автоматизмге дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушылар алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын шынайы қолдана алады. Сонымен бірге, СБР құндылығы оның артық ақпаратпен қамтылмауында: оқушы алдында нақты дидактикалық мақсат қойылады. Егер бала тапсырманы соңына дейін орындаса, бала бойында қажетті дағды қалыптасқанына сенімді болуға болады. Маңызды педагогикалық заңдылық жүзеге асырылады: оқушылар тек өздері пәндерді, үдерістер мен құбылыстарды зерттегенде, қажетті өлшемдерді орындағанда, тәуелділік пен заңдалықтарды орнатқан кезде ғана, оқу-танымдық іс-әрекет шынайы тиімді болып келеді, белсенді танымдық үдеріс, оқытудың оқу және тәрбие функциялары жүзеге асады. СБР осындай әрекеті оқушылар ойлауының дамуына, ойлау және тәжірибелік әрекеттің интеграциясына, оқушылардың эксперименттік зерттеу әдісін меңгеруіне бағытталған (нәтижелерді бақылау, өлшеу және ресімдеу дағдысы, өз әрекетін жоспарлау). СБР арқылы оқушылар бойында танымдық қызығушылықтар, оқуға деген саналы қарым-қатынас қалыптасады.

Осылайша, жаратылыстану-математика бағыттағы пәндер бойынша СБР қолдану кезіндегі жүзеге асатын ақпараттық-білім беру саласының ерекше белгілері:

- сабақ бойы әр оқушының мақсатты бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру;
- оқыту объектісі рөлінен оқытудың белсенді қатысушы рөліне ауысуы;
- тәжірибелер мен эксперименттерді қауіпсіз өткізу;
- мұғалімді негізгі дереккөз рөлінен оқушылардың оқу іс-әрекетін бақылау мен түзетуді іске асыратын жеке кеңес беруші рөліне ауысуы, яғни ақпараттық міндеттен консультациялық-үйлестіруші міндетіне ауысуы. Педагог әрекетінің өзгерісі нәтижесінде сабаққа деген дайындық та өзгереді: енді мұғалім жаңа тақырыпты түсіндірудің тиімді тәсілін іздемей, оқушы әрекетін басқарудың жаңа тәсілін іздейді.

Сонымен қатар Ақпараттандырудың ұлттық орталығы СБР пайдаланушыларына арналған әр сынып және пән бойынша пайдаланушы ұсынымдары, ақпараттық электрондық оқыту жүйесінің электрондық кітапханасындағы қажетті ресурстарды іздеу, мультимедиялық түсіндірмелермен, интерактивті тапсырмалар мен тесттермен жұмыс, сонымен қатар көрсетілген әр сыныпқа арналған математика пәні бойынша сандық білім беру ресурстары ұсынылған басшылықты өңдеді. Ұсыныстар <http://nci.kz/ru/content/rukovodstva-polzovateley-cifrovyyh-obrazovatelnyh-resursov-dlya-shkol-na-kazahskom-i-russkom> ресурсында қолжетімді болып келеді.

Пәнді оқытудың (немесе сабақ тақырыбының) негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқын анықтау, СБР қолдана отырып, оқытудың жоғары тиімділігінің мүмкіндігін қамтамасыз ететін маңызды шарт болып табылады.

Мысалы, геометрияны оқыту келесі мақсаттарға бағытталады:

- оқушылардың математикалық білім, іскерлік пен дағды жүйесін меңгеруі;
- оқушылардың болмысты танудың математикалық әдісін меңгеруі, тәжірибелік тапсырмаларды шешу кезінде өз білімін қолдана білу; математикалық интуицияның, логикалық ойлауының дамуы;
- оқушылардың кеңістік ұғымдарын мен кеңістік қиялын дамыту;
- батылдық, мақсаттылық, дербестік, жауапкершілік, сын тұрғысынан ойлау сияқты қасиеттерді дамыту;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтарын және байқағыштық, елес, ес, ойлау, математикалық тілді меңгеру сияқты қабілеттерін дамыту;
- метапәндік жан-жақты оқу әрекеттерін қалыптастыру және дамыту (оқу іскерлігі), маңызды заттарды белгілеу, абстракты ойлау, талдау іскерлігі.

Осыған байланысты ұсынылады:

- *Логикалық ойлауды дамыту үшін.* Теоремаларды дәлелдеу және анықтау кезінде СБР-і интерактивті компонентпен бірге қолдануға болады. Осылайша, оқушылар сызуды ауыстырып, сәйкес қасиеттер тұрақты екеніне көздерін жеткізеді. Бұл оқушыларға сәйкес пайымдаудың болмысын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Анимациялық дәлелдер тым көрнекі болып келеді, сонымен қатар оларда өте маңызды сәттерге көңіл бөлінеді. Бұл сабақ уақытын үнемдеуге мүмкіндік беріп, сабақты қызықты етіп көрсетеді.

Көптеген өзекті тапсырмалар автоматты түрде тексерісі бар интерактивті модульдер ретінде орындалды. Осыдан оларды сабақ үстінде, сонымен қатар бақылау және өздік жұмыстарын құрастыру кезінде қолдануға болады.

- *Кеңістік формаларды зерттеу және кеңістік қиялды дамыту үшін.* Геометриялық, кеңістік қиял кейбір балаларға тән, бірақ ондай балалар көп емес. Көптеген оқушыларға стандарттық стереометриялық кескіндемелерді елестету және бейнелеу іскерліктерін дамыту үшін көмек көрсету қажет; оларды геометриялық елеске үйрету керек. Анимациялық модельдер түріндегі СБР-ң кең шоғыры мұғалімге сабақ үстінде үш өлшемді фигураларды ұсынуға, олардың қиылысуын және т.б., денені айналдыруды орындауға немесе айналдыру бойынша фигураны құрастыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық объекттер интерактивтілік бойынша ажыратылады.

Интерактивті өзара әрекет әдісі дегеніміз пайдаланушы құралдарды басқару арқылы екі жақты байланысты алуға мүмкіндік алады. Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Үш өлшемді модель - объекттің үш өлшемді бейнесі мен пайдаланушыға кеңістіктегі берілген объекттің орнын өзгертуге мүмкіндік беретін құралдарды басқару жиынтығын ұсынатын ақпараттық объекттің типі.

Оқушылардың кеңістік қиялдарын дамыту үшін келесі тиімді тәсілдер пайдаланылады: фигураларды көрсету, геометриялық фигуралардың орнын бір-бірімен салыстыру, модельдеу, фигуралардың сауатты түрде бейнеленуі, сызбаны оқу. Бұл тәсілдер жүйелі әрі кешенді түрде қолданылған кезде жақсы нәтиже береді.

Оқушылардың кеңістік қиялдарын қалыптастыруда интерактивті тапсырмалар мен үш өлшемді модельдер ерекше рөл атқарады.

Берілген объекттерді сабақтың кез келген кезеңінде қолданып, оқушылар тек көлемді объекттің (үш өлшемді) кеңістік құрылымын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар объекттің бейне режимін өзгерте алады.

Бірінші кезеңде геометриялық тапсырманы орындау – бұл оны кеңістікте елестету, екінші кезеңде – жазықтықта жазық немес кеңістік фигураның оңтайлы бейнесі. Неғұрлым екі кезеңдегі тапсырмалар дұрыс орындалса, соғұрлым барлық тапсырма дұрыс орындалады. Дұрыс сызбаны көрсету – оның шешімін бірден түсіндіру деген сөз, сонымен бірге кеңістік қиял, және жалпы сызбаны «көру» іскерлігі қалыптасады.

Үш өлшемді моделімен жұмыс істеген кезде кез келген уақытта өз еркімен бейне ракурсын өзгертуге болады. Бұл оның басты маңызды белгісі болып табылады. Әрине, осындай ортада жұмыс істеген кезде кеңістік қиял өте жақсы дамиды. Кеңістікте құрастыру үшін тапсырмаларды жаңаша қойып шешуге мүмкіндік туады, сонымен қатар шығарудың дұрыстығын тексеру конструкцияға түрлі жақтардан қарау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бекіту кезеңіндегі кеңістік қиялды дамытуда иллюстрациялардың рөлі де маңызды болып келеді. Мысалы, күрделі кеңістік объекттердің көлемі ұғымын, көпжақтарды анықтау, қиылысу түрлерін бекіту үшін (дайын сызбалар бойынша).

- *Тәжірибелік дағдыларды баулу үшін.* Стереометрия курсын зерттеу барысындағы нақты міндеттерді шешу - бұл мақсаттың өзі болып табылмайды. Негізгі мақсат ұсынылған объектті талдау іскерлігін қалыптастыру, бөлшектерін, қасиеттерін көру болып табылады. Базалық деңгейде міндеттерді шешу іскерлігі – кез келген деңгейдегі геометрияны меңгеру үшін міндетті шарт.

СБР-де геометрия және стереометрия бойынша көптеген ақпараттық нысандардың типтері енеді.

Бұл құрылымдық дағдыны дамытуға байланысты тренажерлер, елестету, жағдаяттарды модельдеуді және т.б. қалыптастыруға мүмкіндік беретін дайын сызбалар, анимациялары бар тапсырмаларға арналған иллюстрациялар берілген.

Биология сабақтарында қандай СБР мен АКТ құралдарын қолданған жөн. Биология сабағының мақсаты мен міндеттерін анықтау қажет. Биологиялық білімнің негізгі бұлағы табиғи объекттер болып қала береді: тірі және фиксациялық, ал СБР сабақ үстінде көрсете алмайтын үдерістерді, биологиялық объекттерді көрсететін демонстарциялық материалдың қосымша құралдары ретінде қолданылуы мүмкін.

Сондықтан, биология сабақтарында жануарларды, олардың табиғи жағдайларын СБР құралдары арқылы көрсеткен дұрыс. Өйткені осылайша жануар түрінің биогеоценологиялық және этологиялық критерияларына сәйкес дене құрылысының бейімделген ерекшеліктері түсінікті болып келеді. Сонымен қатар, тірі материяның түрлі деңгейдегі құрылуын көрсететін үдерістер мен құбылыстарды көрсеткен жөн.

1) Бейнекөрініс және сандық фотосуреттер (*натуралық тәжірибенің бейнекөріністері, оқу, деректі, көркем және мультипликациялық фильмдердің үзінділері*). Басқа әдістер мен әдістік тәсілдермен көрсете алмайтын биологиялық объекттерді, үдерістерді, құбылыстар мен эксперименттерді көрнекі түрде көрсететін бейне үзінділер. Кейбір объекттердің қолжетімсіз әрі уақыт пен кеңістікте шектеулі болып келетініне байланысты табиғатта әрдайым мүмкін бола бермейтін бірнеше есе көбейтілген жоғары деңгейдегі рұқсаты бар макрообъекттерді зерттеуге мүмкіндік беретін сандық фотосуреттер.

2) Виртуалдық модельдер: Табиғатта бақыланбайтын демонстрациялық (*анимациялар*), биологиялық құбылыстар. Құбылыстардың биологиялық модельдерін көрсете алатын манипулятивті (*соның ішінде конструкторлар мен тренажерлер*) құрылғылар.

3) Дәрістер мен сабақтарды өткізуге болатын аудиоаппарат (*бейнеге түсіндіру жүргізу, модельдер, фотосуреттер, аудиосюжеттер*).

4) Компьютерлік тесттер (*оқу іскерліктерін өңдеу, білім сапасы мен іскерліктің қалыптасу деңгейін бақылау үшін*).

Химия қызықты және өте күрделі эксперименталдық ғылым болып табылады. Химиялық білімнің негізгі бағыты табиғи заттар мен материалдар, ал оқытудың арнайы әдісі химиялық эксперимент болып табылады.

Сондықтан, СБР-ды қолдана отырып сабақты жоспарлаған кезде виртуалдық зертханалар арқылы модельдеуге болады.

Виртуалдық зертхана оқушыларға кез келген бұрыс экспериментті қайталауға және оны толық зерттеуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, виртуалдық зертхана дәстүрлі зертханалардың тәжірибелеріне қарағанда әлдеқайда ерекше болып келеді.

Түрлі тапсырмалар акцентті білімді меңгергеннен құзыреттіліктерді қалыптастыруға қарай аударуға мүмкіндік береді. 10 сыныптарға арналған химия бойынша СБР-де бірнеше типтегі тапсырмалар енгізілген: сәйкестікті орнатуға арналған; сөйлемдерді толықтыруға арналған; дұрыс жауапты анықтауға арналған, ынталандырушы-тапсырмалар және т.б. Оқыту үдерісінің қарқындылығы оқушылардың барынша әрекет түрлеріне (тапсырмалардың түрлі типтері арқылы) қатысуы арқылы жүзеге асады. Осыдан қолайлы атмосфера пайда болады: СБР өз жауаптарын қайталауға және түзетуге мүмкіндік беретіндіктен, оқушы бұрыс жауап беруге қорықпайды. Виртуалдық зертханада химиялық тәжірибелерді, физикалық үдерістерді, биологиялық зерттеулерді өткізу арқылы оқушылардың барлығын оқу үдерісіне қатыстыруға болады.

Бұл тек білім беру тиімділігіне ғана емес, сонымен қатар экономикалық тиімділікке ие болады, өйткені тәжірибелерді электрондық түрде өткізген кезде тәжірибеге қажетті дайындық уақыты үнемделеді. Шынайы тәжірибені өткізу үдерісі кезінде пайда болатын жоспардан тыс жағдаяттар жойылады. СБР қолдану арқылы оқушы химиялық, физикалық, биологиялық үдерістерді жақыннан көруге, түрлі заттардың байланысу реакцияларының нәтижелерін және т.б. көруге мүмкіндік алады. Барлық оқушыларға тәжірибені өткізу және бақылау үдерісіне қатысу үшін жағдай жасалынады, егер оқушыға тәжірибені қайта өткізу қажет болса, тәжірибені қайтадан өткізуге мүмкіндігі бар. Ал әдеттегі жағдайда тәжірибелерді бірнеше рет өткізу мүмкін емес. Сонымен қатар әр оқушы дербес компьютері арқылы химиялық тәжірибелерді үйде қайталай алады. Бұл, әрине, оқу материалын одан жақсы меңгеруге мүмкіндік береді.

